

Торайғыров университетінің  
ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ

НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
Торайғыров университета

---

**ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТІНІҢ  
ХАБАРШЫСЫ**

**Филологиялық сериясы**  
1997 жылдан бастап шығады



**ВЕСТНИК  
ТОРАЙҒЫРОВ  
УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**  
Издается с 1997 года

ISSN 2710-3528

№ 2 (2021)

Павлодар

**НАУЧНЫЙ ЖУРНАЛ  
ТОРАЙГЫРОВ УНИВЕРСИТЕТА**

**Филологическая серия**

выходит 4 раза в год

---

**СВИДЕТЕЛЬСТВО**

О постановке на переучет периодического печатного издания,  
информационного агентства и сетевого издания

№ KZ30VPY00029268

выдано

Министерством информации и общественного развития  
Республики Казахстан

**Тематическая направленность**

публикация материалов в области филологии

**Подписной индекс – 76132**

<https://doi.org/10.48081/CDZE3219>

---

**Бас редакторы – главный редактор**

Жусупов Н. К.

*д.ф.н., профессор*

Заместитель главного редактора

Анэсова А. Ж., *доктор PhD*

Ответственный секретарь

Уайханова М. А., *доктор PhD*

**Редакция алқасы – Редакционная коллегия**

Дементьев В. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Еспенбетов А. С., *д.ф.н., профессор*

Трушев А. К., *д.ф.н., профессор*

Маслова В. А., *д.ф.н., профессор (Белоруссия)*

Пименова М. В., *д.ф.н., профессор (Российская Федерация)*

Баратова М. Н., *д.ф.н., профессор*

Аймухамбет Ж. А., *д.ф.н., профессор*

Шапауов Ә. Қ., *к.ф.н., профессор*

Шокубаева З. Ж., *технический редактор*

---

За достоверность материалов и рекламы ответственность несут авторы и рекламодатели

Редакция оставляет за собой право на отклонение материалов

При использовании материалов журнала ссылка на «Вестник Торайгыров университета» обязательна

<https://doi.org/10.48081/XSEZ4710>

**\*А. Қ. Жұмабекова, Н. И. Умуртасова**

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті,  
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.

## **ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ МӘТІНДЕРДІ АҒЫЛШЫН ТІЛІНЕН ҚАЗАҚ ТІЛІНЕ ТІКЕЛЕЙ АУДАРУ СТРАТЕГИЯСЫ ШЕҢБЕРІНДЕГІ АУДАРМА ӘДІСТЕРІ**

*Мақала ғылыми мәтіндерді (лингвистикалық мәтін негізінде) қазақ тіліне тікелей аудару стратегияны дұрыс таңдау мәселелеріне арналған. Осы уақытқа дейін шетелдік ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар қазақ тіліне дәнекер тілді (көп жағдайда орыс тілін) пайдалану арқылы жанама түрде аударылған. Сондықтан зерттеу нысаны ретінде бұрын қарастырылмаған В. Фромкин және т.б. авторлығымен жарық көрген «Тіл біліміне кіріспе» оқулығы («Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында баспадан шыққан) негізге алынды.*

*«Аударма стратегиясы» терминін анықтау мақсатында шетелдік тәржімтанудағы пікірталасқа ерекше назар аударылады (бұл термин қазақ аударматануында бұрын-соңды кездеспеген).*

*Аталмыш зерттеу жұмысында авторлар ғылыми лингвистикалық мәтінді ағылшын тілінен қазақ тіліне тура аударылуының әдіс-тәсілдерін қарастырған. Аударма мәтініне лингвоаудармашылық талдау жасалып, лексикалық және грамматикалық деңгейлердегі аудармашылық қателіктер мен сәйкессіздіктер анықталды. Негізін салалық терминология құрайтын осындай ғылыми мәтіндердің баламалылығына қол жеткізу үшін ғылыми тұрғыда дәйектелген аударма стратегияларын қолдану қажет екендігі белгілі болды.*

*Аудару барысында статистикалық талдаудың әдісін қолдану көрсеткендей, аударма терминдері кешенін негізінен транслитерация, түсіріп тастау, қосу, жалтылау, нақтылау, сөйлемдерді бөлу сияқты аударма әдістері құрайтындығы анықталды.*

*Кілтті сөздер: аударма стратегиялары, аударма әдістері, тікелей аударма, ғылыми мәтін, лингвистикалық терминдер.*

## **Кіріспе**

Қазіргі уақытқа дейін ағылшын тіліндегі ғылыми әдебиеттер мен оқулықтар қазақ тіліне дәнекер тілді (көп жағдайда орыс тілін) пайдалану арқылы жанама түрде аударылған болатын. Арнайы әдебиеттерді, әсіресе ғылыми-техникалық оқулықтар мен журналдарды аудару қазіргі таңда өте үлкен сұранысқа ие болып отыр. Әрине, бұл ғылым мен техниканың жедел даму қарқынымен, сондай-ақ ғылыми-техникалық саладағы халықаралық байланыстардың нығаюымен байланысты. Осы жағдайлардың барлығы ғылыми ақпаратты зерттеу мен тікелей аударудың жаңа стратегияларын іздестіру қажеттілігін анықтады. Тікелей аударудың принциптері, стратегиялары, тактикалары, әдістері мен тәсілдері жиынтығының бірыңғай қарама-қайшы емес жүйесінің болмауы зерттеудің өзектілігін тудырады, өйткені негізгі ұғымдардың кез келген ғылымдағы әсері орасан зор және неғұрлым егжей-тегжейлі зерттеуді талап етеді, сондай-ақ теориялық және практикалық қиындықтарды тудырады. Өйткені бірыңғай жүйенің болмауының өзі осындай проблема болып табылады, ал аудармашы-практиктер үшін көбінесе әрбір нақты жағдайда өзіне стратегиялар мен тактиканы таңдау үлкен мәселеге айналады. Бұл мәселемен аударма стратегиясына өз анықтамасын беруге, сондай-ақ өз классификациясын ұсынуға, аударма стратегияларының мақсаттарын, артықшылықтарын мен кемшіліктерін, сондай-ақ кейбір жағдайларда тактикасын, тәсілдері мен әдістерін анықтауға тырысқан көптеген ғалымдар айналысты.

**Зерттеу материалдары және әдістері.** Зерттеу материалы – 2018 жылы «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы аясында В. Фромкин, Р. Родман, Н. Хайамс «An Introduction To Language» ағылшын тіліндегі оқулықтың түпнұсқасы және оның қазақ тіліне аударылған «Тіл біліміне кіріспе» мәтіні болып табылады. Тәржімелегендер: М. Жаңабекова, Б. Мизамхан, Ұ. Ислямова.

Зерттеу барысында салыстыру әдісі, жүйелеу, семантикалық талдау, жинақтау, жіктеу, кері аударма, статистикалық әдістері қолданылды.

*Аударма стратегиясы* негізгі термині туралы ғылыми пікірталасты қарастырайық.

### **Зерттеудің нәтижелері және пікірталас.**

Қазіргі таңда аударма процесін сипаттау үшін «аударма стратегиясы» деген сөз тіркесі кеңінен қолданылады. Бұл терминнің бірнеше нұсқасы бар. Әдебиетте «аударма стратегиясы» (Н. А. Крюков, А. Д. Швейцер), «аударма тактикасы» (А. Г. Витренко, Д. М. Бузаджи), «аудармашының стратегиясы» (В. Н. Комиссаров), «аудармашылық стратегия» (О. А. Теремкова, Д. Селескович), «аударма процесіндегі аудармашының

мінез-құлық стратегиясы» (С. Басснетт-Макгайр, Х. Крингс) терминдері және осы лингвистикалық құбылыстың басқа да семантикалық нұсқалары кездеседі. Көптеген авторлар бір ғылыми жұмыстың өзінде анықтамалардың бірнеше нұсқасын қолдана алады.

Жалпы айтқанда, аудармашы мәтінді аудару барысында белгілі бір мәселеге тап болған кезде стратегияны пайдаланады; бұл аудармашы мәтінді сөзбе-сөз аударғанда, аударма стратегиясы қажет болмауы мүмкін дегенді білдіреді.

Белгілі аударматанушы Д. Берген стратегиялар айқын және тривиалды (қарапайым) емес деп түсіндіреді. Сондықтан аударма барысында туындайтын мәселелерді шешу стратегиялардың ең маңызды функциясы болып табылады [1, 109–125].

Аударма стратегиясының теориялық ұстанымдардан алғашқылардың бірі болып Х. Крингс ұсынған. Ол ұсынған дефиницияға сәйкес, аудармашылық стратегиялар – бұл «нақты аудармашылық міндет шеңберінде нақты аудармашылық проблеманы шешуге бағытталған аудармашының ықтимал саналы жоспарлары». Х. Крингс аударма қызметін талдаудың екі категориясын ажыратады: микростратегияны – бірқатар аударма есептерін шешу тәсілдері мен макростратегияны – бір міндетті шешу тәсілдері [2, 18].

Әлемдік аударматанушы ғалымдардың аударма стратегиясы жайлы берген анықтамалары мен түсініктемелері алуан түрлі, мәселен, С. Сегино аудармашылар пайдаланатын кем дегенде үш жаһандық стратегия бар деп санайды: үзіліссіз мүмкіндігінше ұзағырақ аудару; қарапайым қателерді дереу түзету; қайта тексеру сатысында мәтінде сапалық немесе стилистикалық қателерді бақылауды қалдыру [3, 21].

У. Люшер сананың түсінігі оқушылар немесе аудармашылар қолданатын стратегияларды ажыратуда маңызды деген ой білдіреді [4, 8]. А. Д. Коэн [5, 4] сананың элементі стратегияны стратегиялық емес процестерден ажыратады.

Жазбаша аудармадағы стратегия – бұл шектеулі мерзімде көлемді мәтінді немесе бірден бірнеше мәтіндерді немесе баяндамаларды аудару қажет болған кездегі жазбаша аудармашының іс-әрекетінің белгілі бір жоспар (алайда жұмыстың көлемін алдын ала дәл анықтау мүмкін емес).

Ғылыми және техникалық әдебиеттің лексикасы келесі белгілермен ерекшеленеді: көптеген арнайы терминдер қолданылады; сөздер ойды барынша дәл беру үшін қатаң іріктеледі; автордың пікірге қатынасын білдіретін сөздер, жекелеген пікір элементтері арасындағы логикалық байланысты қамтамасыз ететін кәсіби сөздер аса маңызды. Сондықтан да ғылыми аударманың негізгі нысаны – толық жазбаша аударма.

Аударма стратегиясы мәтінді талдау жүргізілгеннен кейін қалыптасады және бұл басты және маңызды аспектілерді анықтауға мүмкіндік береді: мәтін түрі, оның ерекшеліктері мен мүмкін болатын қиындықтарды (түпнұсқа

мәтінін түсіну кезінде де, аударма нұсқасын таңдау кезінде де). Алынған мәліметтерге сүйене отырып, аудармашы өз іс-әрекетінің дәйектілігін, жұмыс әдістерін анықтайды.

Процесс және нәтиже ретінде аударма объектісі – мәтін. Алайда, мәтін аударманы белгілі бір тілдік құбылыстардың сыйымдылығы ретінде ғана емес, сондай-ақ аударма үшін релеванттық белгілері бар дербес феномен ретінде де қызықтырады. Бұл белгілер аудармашыға аударма әрекетінің жалпы стратегиясын таңдауға мүмкіндік береді.

Р. Т. Белл [6, 188] аударма стратегияларын әртүрлі аударма мәселелері тұрғысынан жалпы (бүтін мәтінге қатысты) және жеке (мәтін сегменттеріне қатысты) деп ажыратады.

Л. Венути [7, 240] аударма стратегиялары шет тіліндегі мәтінді таңдау және оны аударудағы әдістерді әзірлеу бойынша аудармашының міндеттерін қамтиды деп сипаттайды.

Аудару процесі мен нәтижесін (аударма мәтінін) назарға ала отырып, Р. Яаскеляйнен [8, 99] стратегияларды екі негізгі санатқа бөледі: біріншісі (product-related strategies) түпнұсқа мәтінін таңдау мәселесі және оны аудару әдіс-тәсілдерін дамытудың міндеттеріне байланысты болса, екіншісі (process-related strategies) жұмыс барысында нәтижеге жету үшін аудармашының ұстанатын қағидалары мен ережелері болып табылады.

Жоғарыда айтылған аударма стратегиялары жайлы ой-пікірлерді қорытындылай келе, келесідей тұжырымдар жасауға болады.

Кез-келген аудармашы (аударма түріне қарамастан) жұмыс жасау барысында стратегияларды міндетті түрде қажет етеді. Ал аударманың баламалылығына жету мақсатына бағытталған аудармашылық мәселені шешудегі аудармашы іс-әрекетінің тізбектелген жоспары *аударма стратегиясы* деп аталады. Бұл жоспар: түпнұсқа мәтінін алдын ала талдау; терминдерді жүйелеу және баламаларын табу; аудармашылық әдіс-тәсілдерден құралады.

Осы мақаланың аясында біз аударма стратегиясының соңғы мәселесіне, атап айтқанда аударма әдістерін талдауға ерекше назар аудардық.

Ал аударма стратегияларын жұмыс барысында қолданудың ерекшеліктері мен маңызын зерттеу мақсатында ағылшын тілінен қазақ тіліне тікелей аударылған ғылыми лингвистикалық оқулықты негізге алдық. «An Introduction To Language» оқулықтағы 12 тарау бар. Қазақ тіліндегі аудармаларының жалпы құрылымы сақталғанымен, белгілі бір грамматикалық, лексикалық ауытқуларға ұшырағанын аңғарамыз.

Мысалы, оқулықтың 1-ші және 2-ші тарау атауларының аудармасында *omission* (*түсіріп қалдыру*), яғни аударма барысында мазмұнға нұқсан

келтірмеу мақсатында белгілі бір сөздерді түсіру әдісі қолданылған. Алайда тарау атауларының сөзбе-сөз аудармасын ұсынуға да болады:

## Кесте 1

Түпнұсқа мәтіні	Аударма мәтіні	Біздің нұсқа
Morphology: The Words of Language [9, 5]	«Морфология» [10, 7]	«Морфология: тілдегі сөздер»
Syntax: The Sentence Patterns of Language [9, 6]	«Синтаксис» [10, 8]	«Синтаксис: тілдегі сөйлем үлгілері»

10-шы тараудың атауында *processing* сөзі алынып тасталды. Біздің ойымызша, бұл сөйлемді аударғанда трансформацияның *түсірін тастау* емес, керісінше, *қосу* әдісі қолданылғаны жөн:

## Кесте 2

Language Processing and the Human Brain [9, 10]	«Тіл және адам миы» [10, 11]	«Тілдік процесс және адам миы арасындағы байланыс»
---	------------------------------	--

Ал қазақ тіліне «*Жазу: тілдің әліпбиі*» деп 12-ші тарау – «*Writing: The ABCs of Language*» атауын аударуда лексикалық трансформацияның *компенсация (өтем)*, түпнұсқадағы тіл бірлігінің семантикалық немесе стилистикалық жағынан шарасыз кемуінің аударма кезінде екінші тілдің құралдары арқылы толықтырылуы болып табылатын аударма тәсілі қолданылған. Алайда өтемің түпнұсқадағы орнына қойылуы міндетті емес. «*ABC*» ағылшын тілі әліпбиінің ең алғашқы әріптері екендігі баршамызға белгілі. Дегенмен Cambridge түсіндірме сөздігінде «*ABCs*» – «*белгілі бір субъект жайлы базалық (негізгі) мәлімет*» деген мағынаға ие. Сондай-ақ, тарау атауын «*Жазу: тілдің негіздері*» деп ұсынуға да болады, өйткені бұл тарауда тек әліпби туралы емес, жазба тілдің негіздері жайлы да сөз қозғалады. Оған дәлел – Кіріспедегі мәтін: «12-тарау «Жазба тілдің негіздері» деп аталады» [9, III], яғни тараудың атында *Мазмұндағы және Кіріспедегі* сәйкессіздікті байқаймыз.

Келесі үзінді қарастырайық.

*Түпнұсқа мәтін:* «*Maxims of Conversaion*. The most notable effort made to formulate pragmatic rules is found in the work of the British philosopher H. Paul Grice. He attempted to formalize what we know when we know how to perceive *implicature* in a conversation. ... Grice called these principles «*maxims*» of discourse, and used them to serve as the foundation of pragmatics, the study of extra-truth-conditional meaning» [9, 171].

*Аударма мәтін: «Сөйлеу қағидалары.* Прагматикалық ережелердің қалаптасуына көрнекті британ философы Х. Пол Грайстың еңбектерінде ықпал етті. Ол әңгіме барысында кездесетін импликатураны қалай қабылдауды білген кезде не білетінімізді суреттеуге тырысты. ... Грайс бұл принциптерді дискурстың «*постулаттары*» деп атады және оларды қосымша-шынайы шартты мағынасын оқыту үшін прагматиканың негізі ретінде қолданды» [15, 164].

*Біздің нұсқа: Грайстың максимдері (сөйлеу қағидалары).* Прагматикалық ережелердің қалаптасуына көрнекті британ философы Г. Пол Грайстың еңбектері ықпал етті. Ол әңгіме барысында кездесетін импликатураны (мәтін мәнінің әріптік емес жасырын бөлігі) қалай қабылдауды білген кезде не түсінетінімізді анықтауға тырысты. ... Грайс бұл принциптерді дискурстың «максимдері», яғни қағидалары, деп атады және оларды қосымша-шынайы шартты мағынасын оқыту үшін прагматиканың негізі ретінде қолданды.

*Maxims of Conversation – Сөйлеу қағидалары* тарауша атауы жалпылау (генерализация) әдісін қолдану арқылы аударылған. Тіркестегі *Maxims* сөзі ағылшын тіліндегі «*Grice's Maxims*» лингвистикалық терминімен тығыз байланысты. *Grice's Maxims* – 1975 жылы британ философы Гербер Пол Грайстың «*Logic and Conversation*» еңбегінде ұсынған сөйлеу қағидалары. Аталмыш сөйлеу қағидалары негізін салған автордың есімімен аталған, сондықтан да тарауша атауын *Грайстың максимдері (сөйлеу қағидалары)* деп өзгерткен дұрыс. Және де түпнұсқаның 13-ші бетіндегі тараулардың сипаттамасында *Grice's Maxims of Conversation – Грайс Максимнің сұхбаты* деп аударылған. Мұндағы *Grice's Maxims* адамның есімі емес. Сондықтан да жоғарыда айтылып өткен сипаттамаға байланысты *Грайстың максимдері* немесе *Грайстың сөйлеу қағидалары* деп аударған жөн.

*H. Paul Grice – Х. Пол Грайс* транскрипция әдісін қолдану арқылы жасалған. Мысалда берілген британ философының толық есімін *Herbert Paul Grice* қазақ тіліне транскрипциялаған кезде *Герберт Пол Грайс (Г. Пол Грайс)* болу керек.

*Еңбектерінде* сөзінде орфографиялық қате бар: егер сөздегі де шылау болса, сөзден бөлек жазылуы тиіс не мүлдем алып тастау қажет (бұл жағдайда еш мағыналық ауытқу болмайды). *Implicature – импликатура* лингвистикалық терминін аударуда транслитерация әдісін қолданған. Жақшада түсіндірмелік анықтама берілгені жөн.

Ғылыми лингвистикалық мәтіннің негізін құрайтын лингвистикалық терминдердің келесідей ерекшеліктері анықталды: олар тіл білімінің ғылыми ұғымдары білдіреді; жалпы лингвистикалық терминдік жүйе мүшесі болып, басқа да терминдермен әртүрлі қатынас орнатып отырады; олар бірмағыналы,



мағынасы дәл, ықшам болуы тиіс, эмоционалдылықтың болмауы міндетті болып табылады. Ағылшын және қазақ тіліндегі лингвистикалық терминдердің ұқсастығы ғылыми лингвистикалық ұғымды білдіретінде және интернационалдылығында, ал айырмашылықтары құрылымдық формасында екендігін есте сақтап, баламаларын дұрыс таңдау өте маңызды.

Мәселен, *phonetic transcription* – фонемалық транскрипция, *syllabification* – силлабификация терминдерін қазақ тілінде бергенде транслитерация әдісі дұрыс қолданылса, ал *infinitive* – инфинитив [10, 575] қате транслитерацияланған; *abjad, agreement, anterior* [9, 555–556] және т.б. терминдер қазақша глоссарийде мүлдем жоқ.

Келесі түпнұсқа мәтін: «In the foregoing dialogue, *Humpty Dumpty* is well aware that the *prefix un* – means «not», as further shown in the following *pairs of words...*» [9, 36–37]. Аудармада: «Жоғарыдағы диалогта *Шалтай-Болтай (Humpty Dumpty)* *un-префиксі* кері мағынаны білдіретінін жақсы біледі, мысалдары төмендегідей *сөздер* арқылы көрсетілген...» [10, 32].

Ағылшын тіліндегі *prefix* термині қазақ тіліне *префиксі* деп транслитерация, түпнұсқаның лексикалық бірлігін аударма тілінің әріптерін пайдалану арқылы оның графикалық формасын сақтау жолымен аудару тәсілін қолдану арқылы берілген.

*Humpty-Dumpty* – Льюис Кэролдың «Алиса айнаның арғы бетінде» (*Through the Looking-Glass, and What Alice Found There*) әңгімесінің кейіпкері. Аударма мәтініндегі «Шалтай-Болтай» дайын орыс тіліндегі Самуил Маршактың жасаған баламасы болып табылады. Және де *Шалтай-Болтай* деген сөздің мағынасы көпшілікке түсініксіз болуы мүмкін. Сондықтан да түсініктеме берілуі қажет. Аударма мәтініндегі *Шалтай-Болтай* орфографиялық қатеге ие, *Шалтай-Болтай* болуы тиіс.

Түпнұсқадағы *pairs of words* тіркесін аударуда *omission* (түсіріп тастау) әдісі қолданылған. Түпнұсқа мәтінінде сөздердің алты жұбы көрсетілген, осыған байланысты *сөздер* емес, *сөз жұптары* ретінде көрсетілуі тиіс.

Біздің нұсқа: Жоғарыдағы диалогта *Humpty Dumpty (Льюис Кэролдың «Алиса айнаның арғы бетінде» әңгімесінің кейіпкері)* *un-префиксі* кері мағынаны білдіретінін жақсы біледі, мысалдары төмендегідей *сөз жұптары* арқылы көрсетілген.

Біз талдаған мысалдардың (мақаланың көлемі оларды көбірек келтіруге мүмкіндік бермейді) статистикалық әдісін қолдану арқылы жиілігі бойынша келесі әдістер анықталды: *транслитерация* (47 %), *түсіріп тастау* (21 %), *сөйлемдерді бөлу* (14 %), *ұғымды жалпылау (генерализация)* – 8 %, *ұғымды нақтылау (конкретизация)* – 5 %, *қосу* (5 %).

Осылайша, жоғарыда аталған оқулықты аудару кезінде транслитерацияны (негізінен терминдер), ұғымды жалпылау, ұғымды

нақтылау, қосу, сөйлемдерді бөлу – бұл дәйекті аударма тәсілдері. Түсіріп тастау аударма тәсілдің айтарлықтай үлкен пайызы (сонымен қатар, көп жағдайда терминдер) лингвистика саласындағы ағылшын және қазақ тілдерінің жүйелерінің сәйкес келмеуімен байланысты.

Өкінішке орай, аударманың мағыналық және грамматикалық қателері бар, олар келесі басылымдарда кездеспейді деп үміттенеміз.

### **Қорытынды**

Аударма жұмысы қазіргі таңдағы адам қоғамының аса маңызды құбылысы болып табылады. Аудармашы жасалғанды жаңадан қайта жасау, өз әдебиетінде, ана тілінде жаңа қорлар ашу және тың салаларды игеру арқылы автормен күш сынасады. Аударма – жазба туынды болғандықтан оның ойлау іс-әрекетін жүзеге асыратын негізгі құралы тіл болып саналады. Аудармада екі тілдің – түпнұсқаның тілі мен аударылатын тілдің қызметі өрекше. Аударма – бір-біріне функционалды түрде балама бола алатын, яғни коммуникативтік теңбе-тең функцияны атқара алатын мәтін жасау. Аударманың негізгі бірлігі – минималды мәтін (сөйлем, сөйлем құрылымындағы ой тиянақталатын синтаксистік тұтастық). Осындай мәтінді талдау үшін түпнұсқаның коммуникативті функционалды белгілері (мәтіннің жанрлық, стильдік ерекшеліктері, тақырыбы) назарда болады.

Біраз уақыт бұрын шетел тілдерінен орыс тіліне аударылған немесе қазақ тіліне орыс тілі арқылы сатылы түрде аударылған ғылыми еңбектер мен оқулықтарды пайдаланып отырдық. Алайда ғылымның жедел қарқынмен дамуына байланысты қазіргі таңда көптеген ғылыми оқулықтар қазақ тіліне тікелей аударылуда. Түпнұсқа мәтіндерді қазақ тіліне дәнекер тілдің көмегінен тікелей аударуда дәлдік, айқындылық сияқты мәселелерге баса назар аудару қажет.

Ғылыми аударма кез келген кәсіби аудармашы жұмысының ажырамас бөлігі болып табылады. Ғылыми аудармада ұғымдар мен терминдердің мән-мағынасының бұрмалануына жол берілмеуі тиіс. Сондықтан да алдағы уақытта оқулықтарды шет тілдерінен қазақ тіліне аударуда ғылыми стратегияларды қолдану қажет.

### **Пайдаланған деректер тізімі**

1 **Bergen, D.** Translation strategies and the students of translation [Мәтін] // *Jorma Tommola*, Vol. 1., 2010. – P. 109–125.

2 **Krings, H. P.** Translation problems and translation strategies of advanced German learners of French // *J. House, & S. Blum-Kulka* (Eds.), *Interlingual and intercultural communication*, – Tubingen: Gunter Narr, 1986. – P. 263–275.

3 **Seguinot, C.** The translation process : An experimental study // Translation Process, C. Séguinot, ed. – Toronto, H. G. Publications, The School of Translation, York University, 1989. – P. 21–54.

4 **Loescher, W.** Translation performance, translation process and translation strategies [Мәтін] – Tuebingen : Guten Narr, 1991. – P. 307.

5 **Cohen, A.D.** On taking tests : what the students report // Language testing, – Vol. 1, issue 1, 1984. – P. 70–81.

6 **Bell, R.T.** Psychological/cognitive approaches [Мәтін] // Routledge encyclopedia of translation studies. M. Baker ed. – London & New York: Routledge, 1998. – P. 185–187.

7 **Venuti, L.** Strategies of translation – London and New York: Routledge, 1998. – P. 240–244.

8 **Jaaskelainen, R.** Investigating translation strategies [Мәтін] // Recent trends in empirical translation research / S. Tirkkone-Condit and J. Laffing (eds). Joensuu: University of Joensuu Faculty of Arts, 1993. – P. 99–120

9 **Fromkin, V., Rodman, R., Hyams, N.** An Introduction To Language, – 10<sup>th</sup> ed. – Wadsworth : Cengage Learning, 2014. – 604 p.

10 **Фромкин, В., Родман, Р., Хайамс, Н.** Тіл біліміне кіріспе. [Мәтін] (ауд. М. Жаңабекова, Б. Мизамхан, Ұ. Ислямова). – Алматы, 2018. – 608 б.

## References

1 **Bergen, D.** Translation strategies and the students of translation [Text] // Jorma Tommola. – Vol. 1., 2010. – P. 109–125.

2 **Krings, H. P.** Translation problems and translation strategies of advanced German learners of French [Text] // J. House, & S. Blum-Kulka (Eds.), *Interlingual and intercultural communication*, – Tubingen : Gunter Narr, 1986. – P. 263–275.

3 **Seguinot, C.** The translation process : An experimental study [Text] // Translation Process, C. Séguinot, ed. – Toronto, H. G. Publications, The School of Translation, York University, 1989. – P. 21–54.

4 **Loescher, W.** Translation performance, translation process and translation strategies [Text] – Tuebingen : Guten Narr, 1991. – P. 307.

5 **Cohen, A.D.** On taking tests: what the students report [Text] // Language testing. – Vol. 1, issue 1, 1984. – P. 70–81.

6 **Bell, R.T.** Psychological/cognitive approaches [Text] // Routledge encyclopedia of translation studies. M. Baker ed. – London & New York : Routledge, 1998. – P. 185–187.

7 **Venuti, L.** Strategies of translation [Text]. – London and New York : Routledge, 1998. – P. 240–244.

**8 Jaaskelainen, R.** Investigating translation strategies [Text] // Recent trends in empirical translation research / S. Tirkkone-Condit and J. Laffing (eds). Joensuu : University of Joensuu Faculty of Arts, 1993. – P. 99–120

**9 Fromkin, V., Rodman, R., Hyams, N.** An Introduction To Language, [Text]. – 10<sup>th</sup> ed. – Wadsworth : Cengage Learning, 2014. – 604 p.

**10 Fromkin, V., Rodman, R., Hyams, N.** Til bilimine kirispe / aud. M. Zhanabekova, B. Mizamhan, U. Islamova). [An Introduction To Language / translated by M. Zhanabekova, B. Mizamhan, U. Islamova] [Text]. – Almaty, 2018. – 608 p.

Материал баспаға 21.05.21 түсті.

*А. К. Жумабекова, Н. И. Умиртасова*

Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Республика Казахстан, г. Алматы.

Материал поступил в редакцию 21.05.21.

## **ПЕРЕВОДЧЕСКИЕ ПРИЕМЫ В РАМКАХ СТРАТЕГИИ ПРЯМОГО ПЕРЕВОДА ЛИНГВИСТИЧЕСКИХ ТЕКСТОВ С АНГЛИЙСКОГО НА КАЗАХСКИЙ ЯЗЫК**

*Статья посвящена изучению проблем выбора верной стратегии прямого перевода научных текстов (на примере лингвистических) на казахский язык. До настоящего времени перевод иностранной научной и учебной литературы на казахский язык осуществлялся путем косвенного перевода с использованием языка-посредника (в большинстве случаев – русского языка). Поэтому в качестве объекта исследования избран прямой перевод учебника В. Фромкин и др., «Введение в языкознание» (изданного в рамках государственной программы «Рухани жангыру»), ранее не подвергавшегося анализу.*

*Особое внимание уделено дискуссии по определению термина «стратегия перевода» в зарубежном переводоведении (в казахском переводоведении данный термин не встречался).*

*Были изучены способы и методы прямого перевода с английского языка на казахский язык данного лингвистического терминологического текста. Проведен лингвопереводческий анализ текста перевода, выявлены переводческие несоответствия и ошибки на лексическом и грамматическом уровнях. Установлено, что для достижения эквивалентности подобных научных текстов, основу которых составляет отраслевая терминология, необходимо применять научно обоснованные стратегии перевода.*

*Использование метода статистического анализа показало, что основу комплекса переводческих приемов составили транслитерация, опущение, добавление, генерализация, конкретизация, разделение предложений.*

*Ключевые слова: переводческие стратегии, приемы перевода, прямой перевод, научный текст, лингвистические термины,.*

*A. K. Zhumabekova, N. I. Umirtassova*

Abai Kazakh National Pedagogical University,

Republic of Kazakhstan, Almaty.

Material received on 21.05.21.

## **TRANSLATION TECHNIQUES WITHIN THE STRATEGY OF DIRECT TRANSLATION OF LINGUISTIC TEXTS FROM ENGLISH INTO KAZAKH**

*The article is dedicated to the study of the problems of selecting the right strategy for direct translation of scientific texts (on the example of linguistic ones) into Kazakh. Until now, the translation of foreign scientific and educational literature into Kazakh has been carried out by dint of indirect translation and using an intermediary language (in most cases, Russian). Therefore, the direct translation of the textbook by V. Fromkin et al. was chosen as the object of research «Introduction to Linguistics» (published within the framework of the state program «Rukhani Zhangyru»), which was not previously analyzed.*

*Special attention is paid to the discussion of the definition «translation strategy» in foreign translation studies (this term has not been used in Kazakh translation studies).*

*Techniques and methods of direct translation of this linguistic terminological text from English into Kazakh were studied. A linguistic and translational analysis of the translation text was carried out, translation inconsistencies and errors at the lexical and grammatical levels were identified. It is established that in order to achieve the equivalence of such scientific texts, which are based on professional terminology, it is necessary to apply scientifically based translation strategies.*

*The use of statistical analysis showed that the basis of the complex of translation techniques consisted of transliteration, omission, addition, generalization, concretization, and separation of sentences.*

*Keywords: translation strategies, translation techniques, direct translation, scientific text, linguistic terms..*

Теруге 21.05.2021 ж. жіберілді. Басуға 01.06.2021 ж. қол қойылды.

Электронды баспа

1,8 Mb RAM

Шартты баспа табағы 16,1. Таралымы 300 дана. Бағасы келісім бойынша.

Компьютерде беттеген: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Тапсырыс № 3779

Сдано в набор 21.05.2021 г. Подписано в печать 01.06.2021 г.

Электронное издание

1,8 Mb RAM

Усл. печ. л. 16,1. Тираж 300 экз. Цена договорная.

Компьютерная верстка: А. Шукурбаева

Корректор: А. Р. Омарова

Заказ № 3779

«Toraighyrov University» баспасынан басылып шығарылған

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

«Toraighyrov University» баспасы

Торайғыров университеті

140008, Павлодар қ., Ломов к., 64, 137 каб.

67-36-69

e-mail: [kereku@tou.edu.kz](mailto:kereku@tou.edu.kz)

[www.vestnik.tou.edu.kz](http://www.vestnik.tou.edu.kz)